ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 19 желтоқан №7119-24-00-2/15482 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Б. Алиев,
электрондық азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
GLOBAL GOLD ЖК басшысы Хамидуллина Алтын Темирхановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкер GLOBAL GOLD ЖК басшысы Хамидуллина Алтын Темирхановна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызын – қанағаттандырылсын.

GLOBAL GOLD ЖК басшысы Хамидуллина Алтын Темирхановна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

GLOBAL GOLD ЖК басшысы Хамидуллина Алтын Темирхановна Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны пайдасына 18 981 теңге тұрақсыздық айыбы, және бажды төлеу бойынша сот шығыстарын өтеу 569 теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Алиев Б. Т., 19.12.2024

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Б.Алиев

Көшірмесі дұрыс
Судья Б.Алиев

Анықтама: 24.01.2025 жылы күшіне енді.
Судья Б.Алиев

Кужатка кол койылган: Алиев Б. Т., 19.12.2024